

Маскүнемдікке, алкоголизмге, нашақорлыққа және есірткі құмарлыққа қарсы күресті күшейту жөніндегі шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 17 мамыр 1994 ж. N 529. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

"Қылмысқа қарсы күресті күшейту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 11 ақпандағы N 1562 қаулысын орындау үшін және Қазақстан Республикасында қылмысқа қарсы күрес және құқық тәртібін нығайту жөніндегі бірінші кезектегі шаралардың 1993 - 1995 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес, сондай-ақ маскүнемдікке, алкоголизмге, нашақорлыққа және есірткі құмарлыққа қарсы күресті күшейту мақсатымен Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің қарауына енгізу үшін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Ішкі істер министрлігімен бірлесе отырып жергілікті мәслихат - депутаттар жиналысы жанындағы маскүнемдік пен алкоголизмге қарсы күрес жөніндегі комиссиялар туралы ереженің жобасын әзірлеп, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне е н г і з с і н .

2. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Ішкі істер министрлігімен, Әділет министрлігімен, басқа да мүдделі министрліктермен және ведомстволармен бірлесе отырып, алкоголизм, нашақорлық және есірткі құмарлық дертіне шалдыққандарды міндетті түрде емдеу үшін науқастарды жіберу мен болуының тәртібін, сондай-ақ мұндай мекемелерді қорғау режимін реттейтін Денсаулық сақтау министрлігі жүйесінің мамандандырылған емдеу-алдын алу мекемелері туралы ереженің жобасын 2 айлық мерзім ішінде әзірлеп, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қарауына табыс етсін.

3. Облыс, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті мен оның жергілікті органдары емдеу-алдын алу мекемелерін ұйымдастыру үшін үй-жай б ө л і н у і н қ а м т а м а с ы з е т с і н .

4. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Ішкі істер министрлігімен, Денсаулық сақтау министрлігімен; басқа да мүдделі министрліктермен және ведомстволармен бірлесе отырып, "Алкоголизм, нашақорлық және есірткі құмарлық дертіне шалдығудың алдын алу, емдеу және ондай науқастарды

элеуметтік ақтау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын екі айлық мерзімде әзірлеп, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне енгізсін.

5. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Қаржы министрлігі және Сауда министрлігі Қазақстан Республикасына алкогольді ішімдіктерді әкелу тәртібін әзірлеп, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің бекітуіне табыс етсін.

6. Қазақстан Республикасының Сауда министрлігі спиртті ішімдіктер мен темекі өнімдерін сатудың Қазақстан Республикасының аумағында барлық азаматтар, сондай-ақ ведомстволық бағыныстылығы мен меншік нысандарына қарамастан заңды ұйымдар міндетті түрде орындауға тиісті тәртібін әзірлеп, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің бекітуіне ұсынсын.

7. Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігі, "Қазақстанның теледидары мен радиосы" республикалық корпорациясы мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдарында салауатты өмір салтын насихаттайтын, маскүнемдіктен, алкоголизмнен, нашақорлықтан және есірткі құмарлықтан құтылудың медициналық әрі құқықтық жолдарын түсіндіретін тұрақты айдарлар ашатын болсын.

8. Қазақстан Республикасының Білім министрлігі Денсаулық сақтау министрлігімен бірлесе отырып, маскүнемдіктің, алкоголизмнің, нашақорлықтың және есірткі құмарлықтың алдын алу жөніндегі оқу-әдістемелік құралдарын жасау мен басып шығаруды ұйымдастырсын.

9. Қазақстан Республикасының Жастар ісі, туризм және спорт мекемелерінің жүйесін дамыту жөнінде арнаулы бағдарлама дайындап, бекітсін.

10. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Ішкі істер министрлігімен бірлесе отырып, алкогольге қарсы заңдарды бұзғаны үшін жауапкершілікті күшейтуді көздейтін Қазақстан Республикасы Заңының жобасын екі айлық мерзімде әзірлеп, оны Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетіне енгізсін.

11. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Сауда ережелерін бұзғаны үшін және тұтынушылардың құқықтарына қысым жасағаны үшін жауапкершілікті күшейту туралы" 1993 жылғы 25 ақпандағы N 152 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1993 ж., N 5, 63-бап) 1-тармағының үшінші абзацы "аумақтық органдарымен" деген сөздерден кейін "ал алкогольді ішімдіктерді сатқан кезде - маскүнемдікке және алкоголизмге қарсы күрес жөніндегі жергілікті комиссиялармен" деген сөздермен толықтырылсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

